

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҚҰРЫЛЫС КОЛЛЕДЖІ» КМҚК

Түлектер клубы



*1920-2020 жылдар аралығындағы
ШҚО әкімдігі ББ “Құрылыс колледжі” КМҚК түлегі*



*Біздің мақтанышымыз
«Әлем Кубогі иегері»*

**КОЙЖАЙГАНОВ НУРЛАН
АЛТЫНБЕКОВИЧ**

1992 жылы Семей қаласындағы СПТУ- № 13 училищесіне столяр-плотник мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1995 жылы тәмамдады. Сол жылы Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетіне дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1999 жылы аяқтады.

1995 жылдан бастап 2006 жылға дейін Қазақстан құрама командасы сапында болған. Сол ұлттық құрамада жүріп, 1997 жылы Финляндияғы жастар арасындағы әлем біріншілігінде күміс жүлдегер атанғаны бар. Кейін, Шығыс Азия ойындарында да дәл сондай нәтижеге қол жеткізді. 2001 жылы Азия Кубогін ұтып алып, үш жылдан соң Әлем Кубогін олжалаған. 2004 жылы Афинадағы Олимпиада ойындарына қатысу мүмкіндігі бұйырып, спорттық мансабын 2006 жылы аяқтауға тура келді.